


Келісілді  
«ҚТЖ» ҰК АҚ «Алматы  
магистральдық желі бөлімшесі»  
«Алматы жол дистанциясы»



ПЧ-46 басшысы

К.Н.Капсаламатов

2023 ж.

Бекітемін

ЖТД АТЭКЖК»

А.А.Антонов

А.Антонов



2023 ж.

## БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Білім беру коды және бейіні  
азаматтық құрылыс

0732 – Құрылыс жұмыстары және

Мамандығы  
және жол шаруашылығы

07320800- Темір жол құрылысы, жол

Біліктілік  
күтіп ұстау және жөндеу жөніндегі шебері

3W07320801- Темір жолдарды ағымдағы

### Білім беру бағдарламасының паспорты

<b>Мамандықтың коды және атауы:</b>	07320800 Темір жол құрылысы, жол және жол шаруашылығы
<b>Біліктіліктің/біліктіліктердің коды және атауы:</b>	3W07320801 Темір жолдарды ағымдағы күтіп ұстау және жөндеу жөніндегі шебері
<b>Өңір:</b>	Алматы
<b>ТЖКОБ ұйымы (әзірлеуші):</b>	ЖШС "Алматы техника-экономикалық қатынас жолдары колледжі"
<b>Әзірлеуші - серіктестер:</b>	«ҚТЖ» ҰК АҚ «Алматы магистральдық желі бөлімшесі» Алматы қ.
<b>Білім беру бағдарламасының мақсаты:</b>	Темір жолдарды жобалау, пайдалану, техникалық қызмет көрсету және жөндеу бойынша озық технологиялар негізінде кәсіби қызметті жүзеге асыру үшін теориялық және практикалық дағдыларды игере отырып жұмысшы мамандарды даярлау
<b>ҰБШ бойынша деңгейі:</b>	3
<b>СБШ бойынша деңгейі:</b>	3
<b>Кәсіптік стандарт (бар болса):</b>	жоқ
<b>WorldSkills кәсіптік стандарты (бар болса):</b>	жоқ
<b>Оқыту түрі:</b>	күндізгі
<b>Білім деңгейі:</b>	орта білім
<b>Оқыту тілі:</b>	мемлекеттік
<b>Кредиттердің жалпы көлемі:</b>	180
<b>Білім беру ұйымының әдістемелік (оқу-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік) кеңесінде жұмыс берушінің және/немесе индустриялық кеңестің келісімімен білім беру ұйымының паспортын мақұлдау туралы (отырыс хаттамасынан үзінді) қарастырылған күні:</b>	11.05.2023 ж
<b>Білім беру қызметімен айналысуға арналған лицензияның нөмірі:</b>	13009129
<b>Білім беру қызметімен айналысуға арналған лицензияға қосымшаның нөмірі:</b>	001
<b>Осы мамандық бойынша мамандандырылған аккредиттеуден өту күні (бар болса):</b>	28.11.2022 ж.
<b>Білім беру бағдарламасының айрықша ерекшеліктері:</b>	жоқ

### Модульдер/пәндер мазмұны туралы мәліметтер:

№	Модуль/пән атауы	Оқыту нәтижелері/Пәннің қысқаша сипаттамасы	Кредиттер/ сағаттар көлемі
1	ЖПБ 1 Математика	Байланысты пәндерді оқу, практикалық іс-әрекетте қолдану үшін қажетті математикалық білімді қалыптастырады. Пән келесі бөлімдерден тұрады: «Функция, оның қасиеттері мен графигі», «Тригонометриялық функциялар», «Көпмүшелер», «Математикалық статистика және ықтималдық теориясы», «Дәрежелер мен түбір. Дәрежелік функция», «Көрсеткіштік және логарифмдік функциялар», «Функция шегі және үзділсіздігі», «Туынды және оны қолданылуы», «Алғашқы функция және интеграл», «Комплекс сандар», «Дифференциалдық теңдеулер», «Стереометрия аксиомалары. Кеңістіктегі параллельдік және перпендикулярлық», «Кеңістіктегі тікбұрышты координаталар жүйесі және векторлар», «Көпжақтар», «Айналу денелері және олардың элементтері»,	6

2	ЖПБ 2 Қазақстан тарихы	Қазақстанның түрлі тарихи кезеңдердегі этникалық, саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуының негізгі мәселелерін ұғынуына, оның әлемдік тарихи үдерістегі орны мен рөлін айқындауына; тарихи санасы, азаматтылығы мен патриотизмі бар тұлғаны қалыптастыруға ықпал етеді. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: «Өркениет: даму ерекшеліктері», «Этникалық және әлеуметтік процестер», «Мемлекет, соғыс және революциялар тарихынан», «Мәдениеттің дамуы», «Өркениет: экономикалық даму ерекшеліктері», «Саяси-құқықтық процестер», «Қоғамдық-саяси ойдың дамуы», «Білім мен ғылымның дамуы».	5
3	ЖПБ 3 Информатика	Аппараттық және бағдарламалық қамтамасыз ету, деректерді ұсыну, ақпараттық процестер мен жүйелер, ақпараттық объектілерді құру және түрлендіру, компьютерлік желілер және ақпараттық қауіпсіздік саласындағы білімді, икемдер мен дағдыларды қалыптастырады. Пән: «Аппараттық және программалық қамтамасыз ету», «Деректерді ұсыну», «Ақпараттық процестер мен жүйелер», «Ақпараттық объектілерді құру және түрлендіру», «Қосымшаларды әзірлеу», «Компьютерлік желілер және ақпараттық қауіпсіздік» сияқты бөлімдерді	4
4	ЖПБ 4 Қазақ тілі	Қазақ тілін ана тілі ретінде тани отырып, өмірлік қажеттіліктерінде коммуникативтік әрекеттер түрінде (тыңдалым, оқылм, айтылым, жазылым) сауаттылықпен қолдану, күнделікті өзі еркін қолданып жүрген қарым - қатынас құралынан оны тілдік заңдылықтар негізінде танып - білу дағдыларын қалыптастырады. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: «Қазіргі қоғам құндылықтары: мәдениет және өркениет. Сөз мәдениеті», «Индустрияландыру: ұлттық өндіріс. Сөз мәдениеті», «Адамзат дамуының жаһандық мәселелері», «Адам өмірін сақтау. Тілдік жүйе және норма», «Сәулет өнері», «Қазақстан бүгінгі әлемде: Қазақстанның өткені мен келешегі», «Экология: ядролық және мұнай өндірістері», «Қазіргі қоғам: миграция және зияткерлік миграция», «Әлемді өзгерткен өнертабыстар», «Туризм: экотуризм	5
5	ЖПБ 5 Қазақ әдебиеті	Креативті ойлауға бағыттау, ойларын ауызша еркін жеткізуіне және жаза білуіне қолдау көрсету, дәлелдер келтіру, салыстыру және анализ жасау, бағалау дағдыларын қалыптастыру. Білім алушылар әдеби жанрларға эксперимент жасау арқылы драмалық шығарманы проза тілімен, прозаны поэзия тілімен жазу тәсілдерін меңгере алады. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: «Қалың елім, қазағым», «Қазақтың Қанышы», «Парасат пайымы», «Тарих тағылымы», «Кеністік пен уақыт», «Зобалаң заман шындығы», «Ғасырлық туынды», «Табиғат және адам»	5

6	ЖПБ 6 Орыс тілі және әдебиеті	Өзін-өзі дамытуға және өзін-өзі жетілдіруге дайын тұлғаның рухани құндылықтарын қалыптастыру, әлеуметтік-тарихи және рухани-эстетикалық аспектілерді ескере отырып, шығарманы идеялық-көркемдік талдау жасай алатын сауатты оқырман тәрбиелеу	6
7	ЖПБ 7 Ағылшын тілі	Білім берудің алдыңғы сатысында қол жеткізілген шет тілін меңгерудің бастапқы деңгейін арттырады, студенттердің тұрмыстық, мәдени, кәсіби және ғылыми қызметтің әртүрлі салаларындағы әлеуметтік-коммуникативтік міндеттерді шешу үшін қажетті және жеткілікті коммуникативтік құзыреттілік деңгейін меңгеруіне ықпал етеді	5
8	ЖПБ 8 Дене шыңықтыру	Жалпы адамзаттық мәдениет саласында белсенді шығармашылық өзін-өзі жүзеге асыруға дайын тұлғаны қалыптастыруға, оқушылардың дене және психикалық денсаулығын нығайтуға деген ынтасын арттыруға, спорттық-ерекше қимыл дағдыларын алуға және дене қабілеттерін дамытуға ықпал етеді.	5
9	ЖПБ 9 Алғашқы әскери және технологиялық дайындық	Мемлекет қорғанысының негіздері, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің тағайындалуы, олардың сипаты мен ерекшеліктері туралы түсініктерді қалыптастырады, әскери қызметке саналы көзқарасты тәрбиелейді, төтенше жағдайларда адамның тіршілік әрекеті қауіпсіздігінің дағдыларын қалыптастырады	5
10	ЖПБ 10 Физика	Ғылыми дүниетанымның негіздерін, әлемнің жаратылыстану бейнесін тұтас қабылдауды, табиғат құбылыстарын байқау, талдау және бекіту қабілетін қалыптастыруға ықпал етеді, әлемнің қазіргі физикалық бейнесінің негізін құрайтын іргелі физикалық заңдар мен принциптер туралы білімді, табиғатты ғылыми тану әдістерін дамытуға ықпал етеді	5
11	ЖПБ 11 Химия	Заттар мен олардың өзгерістері, заңдар мен теориялар туралы білім жүйесін қалыптастырады, заттар қасиеттерінің олардың құрамы мен құрылымына тәуелділігін түсіндіреді, химиялық процестерді, заңдар мен олардың заңдылықтарын түсінеді	4
12	ЖПБ 12 Биология	Тіршіліктің әртүрлі деңгейлерінің дамуын түсінуді қалыптастыратын практикалық және зерттеу іс-әрекеті арқылы білім алушылардың функционалдық дағдыларын дамыту.	4
13	ЖПБ 13 География	Білім алушылардың қоғам мен географиялық кеңістіктің барлық деңгейлерінде туындаған геоэкологиялық, геоэкономикалық, әлеуметтік, геосаяси және ғаламдық проблемаларды шешуге бағытталған географиялық білімдерін, біліктері мен дағдыларын қолдану үшін жағдай жасау.	4
14	ЖПБ 14 Графика және жобалау	«Графика және жобалау» пәні графикалық бейнелеу және геометриялық-графикалық модельдеу теориясы негіздерін оқытуға, білім алушылардың жобалау бойынша шығармашылықтарын дамытуға, олардың графикалық мәдениеттерін қалыптастыруға бағытталған	3

15	ЖПБ 15 Дүниежүзілік тарих	«Өркениет: даму ерекшеліктері – өркениетті тану мен оның негіздері теориялары, олардың түрлері, әлемдік өркениет тарихы және адамзат дамуындағы әр кезеңдегі байланысты, антропологиялық, этникалық және әлеуметтік процестер, «Адам дамуы мен адамзат қоғамындағы дамудың этникалық, әлеуметтік және антропологиялық үрдістерін», «Мемлекет соғыс және революциялар тарихынан» мемлекет тарихы мен оның пайда болуын, мемлекеттің көнеден бүгінге дейінгі эволюциялық формасын, «Мәдениеттің дамуы» адамзаттың мәдени мұраларын сақтау, өнердің эволюциялық қоғамның өркендеуіндегі орны, бұқаралық мәдениет пен оның қоғам дамуына әсері, қазіргі қоғамның рухани-адамгершілік құндылықтарын қамтиды.	4
16	ЖПБ 16 Жаһандық құзыреттер	Білім алушылардың қазіргі әлемдегі өмірге дайындауға, оқушыларда әлеуметтік және мінез-құлық дағдыларын, олардың денсаулығын басқару және қауіпсіздікті қамтамасыз ету дағдыларын, сонымен қатар жоғары дәрежелі дағдыларды: стандартты емес шешімдерді қабылдау қабілетін, мәселені шеше білуге бағытталған. туындайтын проблемалар және жұмысты жоспарлау мәселелерін шеше білуге бағытталған. «Жаһандық құзыреттер» курсы оқу студенттердің болашақта өмірде және кәсіби салада табысты жүзеге асыруына мүмкіндік беретін құзыреттіліктерді қалыптастыруға ықпал етеді.	2
15	БМ 1 Дене қасиеттерін дамыту және жетілдіру	ОН 1.1. Денсаулықты нығайту және салауатты өмір салты қағидаттарын сақтау.	2
		ОН 1.2. Дене қасиеттері мен психофизиологиялық қабілеттерді жетілдіру	3
16	БМ 2 Ақпараттық-коммуникациялық және цифрлық технологияларды қолдану	ОН 2.1. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар негіздерін меңгеру.	1
		ОН 2.2. Ақпараттық-анықтамалық және интерактивті веб-порталдардың қызметтерін пайдалану	2
17	БМ 3 Экономиканың базалық білімін және кәсіпкерлік негіздерін қолдану	3.1. Экономикалық теория саласындағы негізгі мәселелерді меңгеру	0,5
		ОН 3.2. Кәсіпорында болып жатқан экономикалық процестерді талдау және бағалау	0,5
		ОН 3.3. Әлемдік экономиканың даму үрдістерін, мемлекеттің «жасыл» экономикаға көшуінің негізгі міндеттерін түсіну	1
		ОН 3.4. Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік қызметті ұйымдастыру мен жүргізудің ғылыми және заңнамалық негіздерін меңгеру. Іскерлік қарым-қатынас этикасын	1
18	КМ 1 Стандарттау талаптары негізінде техникалық құжаттарды рәсімдеу	ОН 1.1. Теміржол құрылғыларының және электр құрылғыларының құрылымдық, принципті, функционалды және монтаждық сызбаларын құру.	0,5
		ОН 1.2. Техникалық құжаттаманы рәсімдеуде стандарттарды қолдану және кәсіби қызметте салалық стандарттарды басшылыққа алу.	0,5

		ОН 1.3. Электр схемаларын, сигнализация, орталықтандыру, блокировка құрылғылары элементтерінің шартты белгілерін, электр релелік және электрондық схемаларды құрудың негізгі ережелерін, электротехникалық және теміржол құрылғыларына техникалық құжаттаманы ресімдеу негіздерін, конструктивті құжаттаманың бірінғай жүйесі жәнетехникалық құжаттаманың бірінғай жүйесі негізгі ережелерін меңгеру.	0,5
		ОН 1.4. Сертификаттау және метрология саласындағы негізгі анықтамалар мен түсініктерді меңгеру.	0,5
		ОН 1.5. Өлшеу әдістерін және оларды автоматтандыру тәсілдерін, өлшеу қателігін анықтау әдістемесін және өлшеу құралдарының өлшеу дәлдігіне әсерін меңгеру.	0,5
		ОН 1.6. Стандарттау және метрология негіздерін және өнім сапасын басқаруды қолдану.	0,5
19	КМ 2 Кәсіби қызметтегі электротехникалық есептердің орындалуы	ОН 2.1. Электр және электрондық құрылғылардың параметрлері мен элементтерін есептеу.	1
		ОН 2.2. Электр тізбектерін жинау және олардың жұмысын тексеру.	0,5
		ОН 2.3. Электр тізбектерін есептеу және электр энергиясын түрлендіру әдістерін қолдану.	0,5
		ОН 2.4. Электрондық техника құрылғыларының жұмысқа қабілеттілігін орната отырып, электрондық схемалардың негізгі параметрлерін анықтау.	0,5
		ОН 2.5. Электрондық аспаптар мен құрылғыларда болатын физикалық процестердің мәнін, электрондық аспаптарды қосу және электрондық схемаларды құру принциптерін, электрондық техниканың үлгілік тораптары мен құрылғыларын меңгеру.	0,5
		ОН 2.6. Электр сигналдарының параметрлерін әртүрлі типтегі құрылғылармен және аспаптармен электрлік өлшеуді жүргізу және алынған нәтижелердің сапасын бағалау.	0,5
		ОН 2.7. Механикалық беріліс есептерін және қарапайым жинау бірліктерін жүргізу ; кинематикалық схемаларды оқу және конструкциялық элементтердің кернеуін анықтау.	0,5
20	КМ 3 Еңбекті қорғау нормалары мен техникалық пайдалану ережелерінің орындалуы	ОН 3.1. Темір жолдарды техникалық пайдалану және қозғалыс қауіпсіздігі талаптарын орындау.	4
		ОН 3.2 Темір жолдарды техникалық пайдалану және қозғалыс қауіпсіздігі талаптарын регламенттейтін нұсқаулықтар мен нормативтік құжаттардың талаптарын қолдану.	5

		ОН 3.3. Темір жолдарды техникалық пайдалану ережелерін, темір жолдардағы сигнал беру жөніндегі нұсқаулықтарды, сигнал беру, орталықтандыру және блоктау құрылғыларын техникалық пайдалану жөніндегі нұсқаулықтарды, Қазақстан Республикасының жол жұмыстарын жүргізу кезінде поездар қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі нұсқаулықтарды сақтау.	4
		ОН 3.4 Темір жол көлігі қызметкерлерінің жалпы міндеттерін, салалық және лауазымдық нұсқаулықтарды, еңбекті қорғауды, өнеркәсіптік қауіпсіздік пен экологияны орындау.	5
21	КМ 4 Теміржол құрылғыларын, машиналары мен механизмдерін кәсіби қызметте қолданулы	ОН 4.1. Теміржолдың жоғарғы құрылысы, жасанды құрылыстары және жер төсемі құрылысы туралы сипаттама беру.	3
		ОН 4.2 Темір жолдардың жалпы курсы менгеру.	3
		ОН 4.3. Жер төсемінің элементтерін анықтау.	4
		ОН 4.4. Жолдың жоғарғы құрылысының типін таңдауды жүргізу.	4
		ОН 4.5. Жолды, стрелка бұрамаларын, жер төсемін қарап шығу, тексеру және жол жағдайын бағалау.	4
		ОН 4.6. Теміржолды жөндеу және құрылыс кезінде қолданылатын машиналар мен механизмдердің жұмыс принципін және техникалық мінездемелерін, құрылысын , мақсаты туралы сипаттама беру.	4
		ОН 4.7. Ағаш ұста жұмыстарын орындау.	4
		ОН 4.8. Слесарлық жұмыстарды орындау.	3
		ОН 4.9 Электрлі дәнекерлеу жұмыстарын орындау.	4
		ОН 4.10. Слесарлық- механикалық жұмыстарын орындау.	4
		ОН 4.11. Электрмонтаждау жұмыстарын орындау.	4
22	КМ 5 Теміржолға техникалық қызмет көрсету және жөндеу	ОН 5.1. Аралықты, белгіленген станцияның станциялық жолдарын , стрелка бұрамаларын және стрелкалық арматураны қарап шығу.	3
		ОН 5.2. Жер төсемінің, жолдың жоғарғы құрылысы және жасанды құрылыстардың ақауларын анықтау.	3
		ОН 5.3. Жол және құрылыстардың техникалық жағдайын бақылау.	3
		ОН 5.4. Жолдың жағдайын бақылау және тіркеу бойынша құжаттарды жүргізу.	2
		ОН 5.5. Жолдың ақауларын табу және олардың болу себептерін белгілеу.	2
		ОН 5.6. Жолды ағымдық күтіп ұстау жұмыстарын орындау.	3
		ОН 5.7. Стрелка бұрамаларын және металл бөліктерінің желінуін ордината бойынша тексеру.	2
		ОН 5.8. Теміржолды жөндеу және құрылыс кезінде қолданылатын машиналар мен механизмдердің жұмыс принципін және техникалық мінездемелерін, құрылысын , мақсаты туралы сипаттама беру.	3
		ОН 5.9. Теміржолды жөндеу және құрылысы кезінде машиналар мен механизмдерді пайдалану.	3

		ОН 5.10. Рельс тізбектерінің жағдайын, соның ішінде окшаулағыш түйіспелердің, жолақтардың, сырғалардың жағдайын тексеру.	2
		ОН 5.11. Сигнализация орталықтандыру блокировка электромеханигімен бірлесіп жұмысшы тартпаның шаршаңқы жарықтарын (ақауапқыш әдіспен немесе ағытып алумен) тексеру.	3
		ОН 5.12. Сигнализация орталықтандыру блокировка электрмеханигімен бірлесіп стрелкалардың қалыңдығы 4 мм болатын негізгі рельс пен ұштама арасына шаблон салу кезінде оң (+) және теріс (-) жағдайында болатын тұйықталудың мүмкін емес көрсеткіштерін тексеру.	3
		ОН 5.13. Қисық учаскедегі жолды және түйіспесіз жолды күтіп ұстау жұмыстарын орындау.	3
		ОН 5.14 Теміржолды жөндеу және техникалық қызмет көрсетуді орындау.	2
23	АА 1 Аралық аттестаттау		5
24	ҚА 1 Қорытынды аттестаттау		1